

Жолшаева М.С.

## КАЗАК ТІЛІНДЕГІ ОТЫР ЕТІСТІГІНІҰ ТІРКЕСІМДІЛІГІ

Жолшаева М.С.

## СОЧЕТАЕМОСТЬ ГЛАГОЛА СИДЕТЬ В КАЗАХСКОМ ЯЗЫКЕ

*В статье рассматривается семантико-синтаксическая сочетаемость вспомогательного глагола отыр в казахском языке»*

*The article deals with the semantic and syntactical combination of the auxiliary verb «olyr» in the Kazakh language.*

*Отыр* етістігінің «Қазақ тілінің он томдық түсіндірме сөздігінде» мынадай мағыналары көрсетілген: «1. Құйрықтың жерге не басқа лайықталған орынға тиюі; тұрудың қарсы мағынасы; 2. Көлікке, машинаға түсу, міну; 3. Бір жерге қоныс тебу, мекендеу; 4. Ауыс мағынада: түрмеде болу, сотталу» [7 том, 493-494 бб.]. Ал көмекшілік қызметте келгендегі мағынасы көрсетілмеген. Әрине, бірінші кезекте *отыр* - сөздік мағынасы бар, қимылдың қалпын білдіретін етістік. Дегенмен оның жетекші етістіктерге тіркесіп келіп, оларға түрлі грамматикалық мағына үстейтін көмекшілік қызметі де дау тудырмайды. Компоненттік талдау негізінде *отыр* етістігінің семантикалық құрылымын анықтасақ, ол мағыналар:

**1. Қалып.** Кеңістікте адамның, басқа да жанды/жансыз нәрсенің қимылға қарсы қозғалмай бір күйде, жалпы көлемінің бір бөлігін тіреу арқылы тігінен орналасу қалпы: *Зейнеп сол сәскеден күн көтеріліп, түс таянғанға дейін әлі қозғалмай отыр* (І.Есенберлин);

**2. Амал-әрекет.** *Отыр* етістігінің бойындағы бұл сема нысанға бағытталған амал-әрекетті білдіреді және сөйлемде барыс септігінде келген сөздерді қажет етеді: *Содан соң қолын бір-ақ сілтеп, күлді де, ол да жұмыстан келген, шаршап, ренжіп келген апасымен шайға отырды* (М.Мағауин);

**3. Созылыңқылық.** Кеңістікте жүзеге асатын қимыл міндетті түрде уақытқа қатысы жағынан сипатталады, бұл тұрғыда қалып етістіктері, оның ішінде *отыр* етістігі де созылыңқылығымен сипатталады: *Шақан қимылсыз, тілсіз қалыпта көп отырды* (М.Мағауин);

**4. Белгілі бір жерде, белгілі бір уақытта болу.** Бұл сема мекенді, орынды нақты білдіреді және міндетті түрде жатыс септігінде келген сөздерді қажет етеді: *Бүгін мен күні бойы санаторий кітапханасында отырдым* (М.Байғұтов);

**5. Мекен ету, қоныстану.** Бұл сема мекен мәнді, сондай-ақ белгілі бір уақыт бөлігін, «кесіндісін» білдіретін мезгіл мәнді сөздермен тіркесіп келгенде көрінеді: *-Е, е, үлкен кісілер қалада тұра ала ма, - деді әйелдердің бірі. – Біздің әкей де ауылда отыр* (М.Мағауин);

**6. Жұмысы жоқ, бос болу.** Іс-әрекетсіз жүру, ештеңемен айналыспау мағынасы бұл етістіктің бойындағы потенциалды сема болып табылады. *Біздегі әйелдерге жұмыс табыла бермейді, көбінесе, үйде отырады* (Қ.Жұмаділов).

**7. Қамауда болу.** Бұл сема осы мазмұндас сөздермен тіркесіп келгенде ғана көрінеді: *Ауыр қылмыс жасап, түрмеде отыр. Бес жылдан асып кетті* («Қазақ әдебиеті»).

**8. Осы шақтағы қимылды білдіретін сема.** Бұл мағына осы етістіктің құрамындағы *-ыр* тұлғасымен байланысты. *Сағым білегін шылап, бетін шайып, бұлақ басында, тас үстінде тізерлеп отыр екен* (М.Мағауин).

ОТЫР етістігінің жетекшілік қызметтен көмекшілік қызметке өту динамикасына келсек, көмекшілік қызметте жоғарыда көрсетілген семалардың ішінде қандай семалардың сақталатындығы олардың етістіктің лексика-грамматикалық топтарымен көрсету негізінде айқындалады. *Отыр* етістігінің етістіктің лексика-семантикалық топтарымен тіркесімділігі төмендегідей:

- ДЫБЫС-СЕС етістіктері. Архисема: табиғаттағы зат пен құбылыс шығарған дыбыстарды сипаттайды. Ал семалық құрамын *сатырла, тарсылда* сөздеріне талдау жасау арқылы көрсетеміз: дифференциалды семалары: 1) қатты шыққан, құлаққа естілетін дыбысқа қатысты; 2) бірнеше рет қайталанған қимыл; 3) интенсивті, бірден жасалатын қимыл. Дыбыс-сес етістіктерінің бойында соңғы сема оның *отыр* етістігімен тіркесуіне жол бермейді. Өйткені бұл сема *отыр* етістігінің бойындағы «созылықтылық» семасына қайшы келеді.

- ҚАЛЫП-САПА етістіктерінің бәрімен бірдей тіркесе бермейді. Тек түстің өзгеруімен байланысты *қараю, саргаю, қызару* лексемаларымен ғана тіркеседі. Аталған етістіктер адамға қатысты қолданылғанда ғана *отыр* етістігімен тіркеседі: *екі еті қызарып отыр; сағыныштан сарғайып отыр*. Мұның себебі аталған етістіктердің бойында сапалық өзгерісті білдіретін негізгі семамен қабат, осы өзгерістің болуын қажет ететін «созылықтылық» семасы да бар. Осы арқылы бұл етістіктер *отыр* сөзімен тіркескен. Сондай-ақ, *отыр* етістігінің сандық мөлшердің өзгеруімен байланысты *көбею, азаю, молаю* етістіктерімен де тіркесін осы тұрғыдан түсіндіруге болады.

- ӨСІП-ӨНУ етістіктері. Біріншіден: *отыр* көмекші етістігі өсіп-өну етістігімен қайталанатын әрекетті көрсететін сөздер, сөз тіркестерімен түйдектеліп келгенде ғана айтылады: *Екі жылда бір боталап отырады; Жыл сайын төлдеп отыратын*. Екіншіден: көмекші етістік *-а/-е, -й* ауыспалы осы шақ көрсеткіштері немесе дағдылы әрекетті білдіретін *-атын/-етін* өткен шақ көрсеткіші тұлғасында келетіндігі. Өсіп-өну етістіктерінің семалық құрамын мынадай семалардан тұрады: *төлде* - 1) төрт түлік малға қатысты; 2) амал-әрекет; 3) мал басының көбеюі; 4) жыл сайын болатын әрекет. Ал *отыр* етістігінің бойындағы жоғарыда көрсетілгендей «амал-әрекет» семасы бар. Осы «амал-әрекет» ортақ семасы арқылы екі сөз тіркескен.

- ҚОЗҒАЛУ етістіктерімен негізінен тіркеспейді. Себебі олардың архисемасы - кеңістікте қозғалысқа түскен амал-әрекетті, бір жерден екінші жерге орын ауыстыратын қимылды білдіру. Ал *отыр* етістігінің негізгі семасы - қимылға қатысты қандай да бір қалыпты білдіру. Бұл екі бір-біріне қарама-қарсы «қозғалыс» пен «қалып» сема олардың тіркесуіне жол бермейді. Дегенмен, тілдік материалдар негізінде қозғалыс етістіктерінің ішінде *кел, шап* сөздерімен тіркесетіндігі анықталды. Мысалы: *Балтан*

сары портфельді үстелге бір алып ұрып, бетті бір сипап, былқылдақ орнына алыша келіп отырды (Ж.Аймауытов); Сізге көрші ана келіп отыр (Ауызекі). Екі етістіктің тіркесуіне негіз болған ортақ семаны анықтау үшін компоненттік талдау жүргіземіз. *Кел* – 1) қозғалыс; 2) нысанға бағытталған; 3) нысанға жақындау; 4) кеңістікке қатысы жағынан бейтарап; 5) құралдың көмегімен жүзеге асады; 6) уақытқа қатысты жасалу ұзақтығы бейтарап. Ал *отыр* етістігінде «нысанға бағытталған амал-әрекет» семасы бар. Осы сема *кел* етістігінің бойында да бар болғандықтан, екі етістік өзара мағыналық жағынан байланысқан. Содан жаңағы қауіпті деген Есембайға жеткенше артына бірде-бір қараған жоқ. Көз ұшына кетіп ұзап алып, ылғи жапа-жалғыз шауып отырған (М.Әуезов).

- ТАБИҒАТ құбылыстарына байланысты етістіктер *гуілде, азына, борандат, найзағай түс* сөздерімен де тіркеспейді. Себебі бұл топтағы етістіктердің семалық құрамын мынадай: 1) табиғат құбылысына қатысты амал-әрекет; 2) қарқынмен жасалатын әрекет; 3) жасалу темпі тез; 4) «қозғалыс», бұл тұстағы «қозғалыс» деп отырғанымыз, әрекет өтіп жатқан жердің орнын дәл көрсету мүмкін емес, ол динамикалық сипаттағы әрекет болып табылады. Осы сема *отыр* етістігінің құрамындағы «қалып» семасына қайшы келеді.

- АМАЛ-ӘРЕКЕТ етістіктерімен: *іше отыр, ішіп отыр, сындыра отыр, сындырып отыр*. Әдетте, амал-әрекет етістіктерінің жасалу темпі көп жағдайда бейтарап болып келеді. Оның жылдам немесе баяу, созылыңқы түрде іске асуы сөйленімде қосымша лексикалық немесе басқа да тілдік құралдар арқылы нақтыланады. Бұл «жасалу темпі бейтарап» сема «созылыңқы» семасы бар етістіктермен тіркесуге кедергі келтірмейді. *Былға* – 1) амал-әрекет; 2) нысанға бағытталған; 3) құралдың көмегімен жүзеге асады; 4) сұйық немесе қоймалжың затқа қатысты әрекет; 5) жасалу темпі бейтарап. Бесінші сема *отыр* етістігіндегі «созылыңқылық» семамен тіркесуге қайшы келмейді, нәтижесінде екі сөз тіркескен: *Генерал Чернов азырақ ойланып, шайына салған қантты былғап отыр* (Ә.Нұрпейісов).

- ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС етістіктерімен: *қоса отыр, қосып отыр, басқарып отыр*. Бұл топтағы етістіктердің архисемасы – адамдар арасындағы және заттардың арасындағы түрлі қатынасты көрсету. *Басқар* – 1) адамдар арасындағы қатынас; 2) екі жақты қатынас; 3) нысанға бағытталған; 4) созылыңқы. *Отыр* етістігімен тіркесуге екі сөздің бойындағы «созылыңқы» сема негіз болған: *Төраға іссапарға кеткендіктен, мәжілісті оның орынбасары басқарып отыр*.

- СЕЗІНУ етістіктері: *сасып отыр, байқап отыр, қарай отыр, қарап отыр*. Бұл топтағы етістіктердің ішінде тері арқылы сезіну, көрумен және иіс сезумен байланысты етістіктерімен еркін тіркесе береді. Оның себебі дәс сезу етістіктерінен басқа етістіктерге «созылыңқылық» тән болып келеді. Сондықтан да олар осы сема арқылы *отыр* етістігімен тіркеседі. Сондай-ақ бұл топтағы етістіктермен тіркескенде *отыр* сөзінің қалыптық мағынасы да сақталады: *Темекі Балжанның әлі нұры таймаған ақ сары жүзінен, ақ-қарасы айқын үлкен бота көздерінен баяғы он жеті жасар сұлу қыздың*

журнағын іздеп, ұзақ қарап отырды (Қ.Жұмаділов); Қаймақ қосқан күрең шайды қанып ішіп, балқып терлеп отыр (Қ.Жұмаділов)..

- ОЙЛАУ етістіктерімен: *ойлай отыр, ойлап отыр, болжай отыр, болжап отыр*. Бұл топтағы етістіктердің абстрактылану дәрежесі жоғары болғандықтан оларда «созылық қимыл» семасы бар және бұл сема *отыр* етістігімен еркін тіркесуіне себеп болады: *Босқа отырмай, бұдан құтылудың амалын да ойлай отыр* («Ауызекі тіл»).


- СӨЙЛЕУ етістіктерімен: *айта отыр, айтып отыр, шырқап отып, сөйлеп отыр*. Бұл етістіктердің архисемасы - «ақпаратты жеткізу». *Отыр* етістігімен тіркесуге «нысанға бағытталған әрекет» семасы мен «жасалу темпінің бейтараптығы» семасы негіз болған. Көмекші етістікте де «нысанға бағытталған әрекет» семасы бар және сөйлеу етістіктеріндегі «жасалу темпінің бейтараптығы» семасына қайшы келмейтін «созылықтық» семасы бар: *Біреулер әңгіме айтып, енді біреулер ыңырысып ән салып отыр* (Ә.Нұрпейісов).

- ЭМОЦИОНАЛДЫ етістіктермен: *таңданып отыр, қуанып отыр; күліп отыр, жылап отыр*. Бұл топтағы етістіктердің мағыналық құрамында «уақытқа қатысты созылу дәрежесі бейтарап» және «созылық» сема бар. Бұл семалар *отыр* сөзімен тіркесуге негіз болады: *Үстіндегі тонына шашырап барып қатқан қара қан тамшылары әлі көрініп тұр. Сейіт жылап отыр. Қашаннан жылаулы? Үндемейді* (М.Әуезов). Бұл топтағы етістіктермен тіркескенде *отыр* етістігінің қалып мағынасы да сақталады.


- СУБЪЕКТИВТІ етістіктер: *баласынып отыр, кісімсіп отыр*. Мұндай етістіктердің абстрактылық дәрежесі жоғары және дерексіздену дәрежесі жоғары болған сайын созылық болып келетіндіктен *отыр* сөзімен еркін тіркесе береді. Өйткені «созылықтық» сема *отыр* етістігінде бар: *Бізді менсінбей, кісімсіп отыр* («Жаңа өмір»).

Сонымен, жинақтап сызба арқылы берсек: бірінші жағдайда, *отыр* етістігінің семантикалық құрылымы көрсетілген; екінші жағдайда көмекші қызметте келгенде осылардың ішінде сақталып қалатын семалар көрсетілген.

### О Т Ы Р (сөздік мағынасы бар етістік)



**О Т Ы Р**  
(көмекші етістік)



**Түйін.** Біріншіден, *отыр* көмекші етістігі дыбыс-сес, өсіп-өну, қалыпсапа, қозғалу және табиғатпен байланысты етістіктермен тіркеспейді. Ал амал-әрекет, қарым-қатынас, сөйлеу, сезіну, эмоционалды, ойлау және субъективті етістіктермен тіркеседі. *Отыр* етістігі көмекшілік қызметте қалып, амал-әрекет, созылыңқылық мағыналарын сақтайды. Бұл мағыналар олардың басқа етістіктермен тіркесуіне негіз болады.

**Екінші,** жетекші етістіктің тұлғасына келер болсақ, *отыр* көмекшілік қызметте жетекші етістіктің **-ып/-іп, -п** және **-а/-е, -й** тұлғасымен де тіркесе береді. Дегенмен, тілдік деректерге жүгінсек, **-ып/-іп, -п** тұлғасындағы сөздермен тіркесу мүмкіндігі жоғары. **-а/-е, -й** тұлғалы етістікпен тіркесіп келгенде, амал-әрекеттің жол-жөнекей, екінші қимылмен қабаттаса, немқұрайды жасалу мағынасын береді. Ал мұндай мағыналық ерекшелік **-ып/-іп, -п** тұлғалы етістіктермен тіркескенде байқалмайды.

**Үшінші,** *отыр* көмекші етістігі көсемше тұлғасында келген жетекші етістік білдіретін қимылдың:

- жасалу кезеңінде екендігін, яғни процесс түрінде өтіп жатқандығын білдіреді: *Желіде түйе толып тұрғандай мұрындық жонады. Осы қазір таспа с ы д ы р ы п о т ы р* (Ә.Нұрпейісов);

- қимылдың созылыңқылығын білдіреді: *... ол құрғырды дәл осылай ауыр ойға шомғанда ширатып, үлкен ермек етуші еді, қазір де бір-бірлеп ж ұ л ғ ы л а п о т ы р* (О.Бөкей);

- **-а/-е, -й** тұлғасындағы сөйлеу, сезіну, қарым-қатынас және амал-әрекет етістіктермен тіркесіп келгенде, немқұрайды, жол-жөнекей, аса мән берілмей жасалатын қимылды білдіреді: *Ертеңгі күннің райын қ а р а й о т ы р* («Ауызекі сөйлеу»); *Көрген-білгеніңді а й т а о т ы р* («Ауызекі сөйлеу»).